

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде  
Бекітілді

Факультет деканы

\_\_\_\_\_ Б.Б. Мейірбаев

№ 12 хаттама 26.06.2025 ж.

«6B03101 – Әлеуметтану» 2 курс студенттеріне арналған  
«Әлеуметтану тарихы» пәні бойынша  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ  
5 кредит, 2 курс, қазақ бөлімі, күзгі семестр

Алматы, 2025

---

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының соц.ғ.к., профессор-ассистенті Д.Қ.Мамытканов

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған

2025 жылғы «16» маусым, №11 хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Г.С.Әбдірайымова

## **Кіріспе**

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет. Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді.

Пәннің мақсаты: «Әлеуметтану тарихы» курсының мақсаты – әлеуметтану ғылымының қалыптасу және дамуының негізгі кезеңдері мен бағыттарын, әлеуметтік ойдың эволюциясын, классикалық және қазіргі әлеуметтану теорияларының мазмұнын меңгерту арқылы студенттердің әлеуметтік құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіну қабілетін дамыту. Студенттерде қоғамдағы әлеуметтік мәселелерде зерттеуде толық әлеуметтанулық ғылыми негіздерді, әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымды қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша студент қабілетті болады:

- Әлеуметтану ғылымының пайда болу себептері мен тарихи алғышарттарын;
- Негізгі әлеуметтанулық мектептер мен бағыттардың (позитивизм, құрылымдық-функционализм, марксизм, символдық интеракционизм, т.б.) мазмұнын;
- Әлеуметтанудың классиктері (О.Конт, Э.Дюркгейм, К.Маркс, М.Вебер, Г.Зиммель, т.б.) еңбектерінің негізгі идеяларын;
- Қазіргі заманғы әлеуметтанулық теориялар мен олардың даму тенденцияларын.
  
- Әлеуметтік құбылыстарды тарихи және теориялық тұрғыдан талдай алу;
- Әлеуметтанулық идеяларды салыстырып, олардың қоғамды түсіндірудегі рөлін анықтау;
- Нақты мысалдар арқылы классикалық теорияларды қазіргі қоғаммен байланыстыра білу;
- Әлеуметтанулық ойдың эволюциясын схема, диаграмма немесе хронологиялық карта түрінде көрсете алу.
  
- Ғылыми ойлау және сыни талдау мәдениеті;
- Әлеуметтік құбылыстар мен процестерге теориялық тұрғыдан баға беру қабілеті;

- Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді түсіндіруде теориялық білімді қолдану білігі;
- Әлеуметтану ғылымының дамуындағы ұлттық және әлемдік үлестерді түсіну.

Емтиханды өткізу формасы

### СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – жазбаша.

**Емтиханға кіретін оқу тақырыптары:** Қорытынды бақылау жазбаша түрде өтеді. Тақырыптың мазмұны жұмыстың барлық түрлерін қамтиды: дәрістер мен семинарлар тақырыптарын, сонымен қатар студенттің өзіндік жұмыстарына берілген тапсырмаларды.

1. Әлеуметтанудың ғылым ретінде қалыптасуы.
2. Г. Спенсер: қоғам біртұтас организм ретінде
3. Марксизмнің әлеуметтанулық тұжырымдамасы
4. В.Паретоның әлеуметтану жүйесі
5. Э.Дюркгеймнің әлеуметтанушылық тұжырымдамасы
6. М. Вебердің әлеуметтану теориясы

7. П.Сорокиннің әлеуметтану ілімі
8. Георг Зиммель әлеуметтануы
9. Әлеуметтанудағы постмодернизм
- 10.Әлеуметтанудағы жаһандану тұжырымдамасы
- 11.Э.Гидденстің құрылымдау теориясы
- 12.П.Бурдьенің әлеуметтік кеңістік теориясы
- 13.Ф. Теннис: қоғам және қауымдастық
- 14.Қазақстанда әлеуметтану ғылымының қалыптасу ерекшеліктері
- 15.Қазақстандағы жаңа әлеуметтік ойлау және әлеуметтік зерттеулердің негізгі бағыттары

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. История социологии: учебник и практикум для вузов / Воронцов А. В., Глотов М. Б., Громов И. А. — 2-е изд., перераб. и доп., Москва : Юрайт, 2021. [urait.ru](http://urait.ru)
2. История Социология: учебное пособие / Ганин А. В., Субочева О. Н. — Москва : МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2021
3. История социологии. Учебник для вузов / А. И. Кравченко. — Москва : Юрайт, 2025. — 637 с. — ISBN 978-5-534-18258-3.
4. История социологии. Классический период / М. В. Мельников. — Москва : Юрайт, 3-е изд., испр. и доп., 2025. — 285 с.
5. История социологии до начала XIX века / С. С. Бразевич. — Москва : Юрайт, 2-е изд., испр. и доп., 2025. — 112 с
6. Дж. Ритцер, Дж. Степницки. "Әлеуметтану теориясы". – Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. – 856 с.

#### БАҒАЛАУ САЯСАТЫ ВАК/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБА

| №       | Критерийі                                                                                       | «Өте жақсы» 90–100%                                                                                                                                                        | «Жақсы» 70–89%                                                                                                      | «Қанағаттана рлық» 50–69%                                                                 | «Қанағаттанарлықсыз» 25–49%                                                                          | «Өте төмен» 0–24%                                                          |
|---------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| 1 сұрақ | 1 критерийі –<br>Әлеуметтану тарихының негізгі мектептері мен теориялары туралы білімін көрсету | Жауап толық, негізгі мектептер мен бағыттар (позитивизм, органикалық мектеп, марксизм, құрылымдық функционализм және т.б.) жүйелі сипатталған. Терминдер мен ұғымдар дұрыс | Жауапта тақырыптың негізгі мектептері мен бағыттары қамтылған, дәлелдер бар, бірақ қосымша әдебиеттер н жеткіліксіз | Жауап толық емес, негізгі мектептер үстірт берілген, кейбір терминдер дұрыс қолданылмаған | Жауап көлемі аз, негізгі мектептер мен теориялар аталғанымен мазмұн ашылмаған, әдебиет қолданылмаған | Жауап сұраққа сәйкес келмейді, теориялар мен мектептер дұрыс көрсетілмеген |

| № | Критерийі                                                                       | «Өте жақсы» 90–100%                                                                                                                                              | «Жақсы» 70–89%                                                                 | «Қанағаттанарлық» 50–69%                                                                 | «Қанағаттанарлықсыз» 25–49%                                   | «Өте төмен» 0–24%                                            |
|---|---------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| 2 | Критерийі –<br>Әлеуметтану теорияларын тарихи кезеңдермен байланыстырып қолдану | қолданылған, әдебиетке нақты сілтеме жасалған<br>Жауап тарихи кезеңдерге сәйкес теорияларды дұрыс қолдануды, олардың дамуы мен ықпалын жоғары деңгейде көрсетеді | Жауапта теорияларды тарихи кезеңдерге сәйкестендіру бар, бірақ толық емес      | Жауапта теория мен тарих арасындағы байланыс әлсіз, нақты мысалдар жоқ                   | Жауапта теорияларды қолдану қателері көп, байланыс жасалмаған | Жауапта тарихи кезеңдер мен байланыс мүлдем жоқ              |
|   |                                                                                 | Жауапта тарихи мектептерді қазіргі әлеуметтік құбылыстармен байланыстырып, сын тұрғысынан бағалау жасалған                                                       | Жауапта қазіргі әлеуметтік құбылыстармен байланыс бар, бірақ талдау толық емес | Жауапта тарихи мектептерге қысқаша сипаттама ғана берілген, заманауи байланыс жасалмаған | Жауап сыни талдауды қамтымайды, тек мазмұндау бар             | Жауап толық сәйкес келмейді, сыни тұрғыдан талдау жоқ        |
|   |                                                                                 | Жауапта классикалық ойшылдар (О. Конт, К. Маркс, М. Вебер, Э. Дюркгейм, Г. Спенсер т.б.)                                                                         | Жауапта ойшылдардың идеялары дұрыс берілген, бірақ салыстыру толық емес        | Жауапта ойшылдардың идеялары қысқаша берілген, салыстыру үстірт                          | Жауапта ойшылдардың идеялары толық ашылмаған, салыстыру жоқ   | Жауапта ойшылдардың идеялары қате берілген немесе мүлдем жоқ |
|   |                                                                                 | Жауап логикалық                                                                                                                                                  | Жауапта теориялар                                                              | Жауап тек сипаттамалық                                                                   | Жауапта теориялардың                                          | Жауап сұраққа                                                |
| 2 | Критерийі –<br>Негізгі әлеуметтанушылық идеяларды салыстыру және бағалау        | Жауап логикалық                                                                                                                                                  | Жауапта теориялар                                                              | Жауап тек сипаттамалық                                                                   | Жауапта теориялардың                                          | Жауап сұраққа                                                |

| № | Критерийі                                                          | «Өте жақсы» 90–100%                                                     | «Жақсы» 70–89%                                                            | «Қанағаттанарлық» 50–69%                                    | «Қанағаттанарлықсыз» 25–49%                  | «Өте төмен» 0–24%                             |
|---|--------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|-----------------------------------------------|
|   | Әлеуметтанулық теорияларды талдау және қолдану шектеулерін көрсету | әрі дәлелді, теориялардың мұмкіндіктері мен шектеулері анық талданған   | дың мұмкіндіктері мен шектеулері берілген, бірақ жеткілікті дәлелденбеген | деңгейде, талдау әлсіз                                      | қолданылу мұмкіндіктері нақты көрсетілмеген  | сәйкес келмейді, теориялар қате түсіндірілген |
| 3 | критерийі                                                          | Жауапта                                                                 |                                                                           |                                                             |                                              |                                               |
| – | Әлеуметтану тарихын дамытудағы ұсыныстар мен қорытынды жасау       | теорияларды дамытуға қатысты негізделген ұсыныстар мен қорытындылар бар | Жауапта ұсыныстар бар, бірақ олар толық негізделмеген                     | Жауапта жалпы қорытындылар бар, бірақ ұсыныстар жеткіліксіз | Жауапта ұсыныстар мардымсыз, ғылыми негізсіз | Жауапта ұсыныста, қорытынды да жоқ            |

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

#### Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6 т.б.) / К, мұнда % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі,

К – критерийлердің жалпы саны.

#### Қорытынды баллды есептеу мысалы

| №  | Балл        | «Өте жақсы» | «Жақсы» | «Қанағаттанарлық» | «Қанағаттанарлықсыз» |                                                                                          |
|----|-------------|-------------|---------|-------------------|----------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | Критерийлер | 90-100%     | 70-89%  | 50-69%            | 25-49%               | 0-24%                                                                                    |
| 1. | 1 Критерий  | 100         |         |                   |                      |                                                                                          |
| 2. | 2 Критерий  |             | 75      |                   |                      |                                                                                          |
| 3. | 3 Критерий  |             |         | 60                |                      |                                                                                          |
| 4. | 4 Критерий  |             |         |                   | 45                   |                                                                                          |
| 5. | 5 Критерий  | 100         |         |                   |                      |                                                                                          |
| 6. | 6 Критерий  |             |         |                   | 49                   |                                                                                          |
|    | Қорытынды % | 200         | 75      | 60                | 94                   | 200+ 75 + 60 + 94 = 429<br><br>429 / 6 критерийлер = 71,5<br><br>Қорытынды балл в % = 72 |

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

**72 балл** 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «**Жақсы**» санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «**Жақсы**», **72 балға** бағаланатын болады.

**Декан**

**Мейрбаев Б.Б**

**Кафедра меңгерушісі**

**Абдирайымова Г.С.**

**Дәріскер**

**Мамтықанов Д.Қ.**